

"Селекциялық жетістіктердің, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу өтінімдеріне сараптама жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1349 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 1630 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 18038 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Селекциялық жетістіктердің, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу өтінімдеріне сараптама жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1349 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік Тізілімінде № 17459 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

Селекциялық жетістіктердің өтінімдеріне алдын ала сараптама жүргізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтінім сараптама ұйымының кеңесі, сараптама ұйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі – сараптама ұйымының сайты) немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы қорғау құжатына құқығы бар тұлғамен (бұдан әрі - өтініш беруші) беріледі.

Заңның 5-бабының 3-тармақшасына сәйкес селекциялық жетістікке патент алуға өтінім өсімдіктің әрбір сортына, жануарлардың тұқымына ресімделеді және онда:

- 1) патент беру туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш);
- 2) селекциялық жетістік сауалнамасы;
- 3) іс өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, сенімхат болуға тиіс.

Өтінімді беруге белгіленген мөлшердегі ақыны растайтын құжат және оның мөлшерін азайту үшін негіздемені растайтын құжат өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде табыс етілуі мүмкін. Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

Белгіленген мерзімде ақы төленгені туралы құжаттар табыс етілмеген жағдайда өтінім берілмеген деп танылады.

Өтініш екі данада (сарапатам ұйымының сайты немесе Портал арқылы жібергенде - бір дана) осы қағиданың 1 (мал шаруашылығы), 2 (өсімдік шаруашылығы) қосымшаларына сәйкес нысан бойынша беріледі.";

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінім қорғау құжаттары құқығына ие адаммен (бұдан әрі - өтінім беруші) сараптама ұйымының кеңесі, сараптама ұйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі - сараптама ұйымының сайты) немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы беріледі."

10-тармақ 4) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық нәтиже айналу кезін азайтуда, үйкеліс коэффициентін төмендетуде, сыналанып қалудың алдын алуда, дірілді төмендетуде, ісікке қарсы белсенділікті арттыруда, дәрілік препараттың әсерін оқшаулауда, қую құрылымының кемістігін жоюда, жұмысшы органның ортамен байланысын жақсартуда, сұйықтықтың іркілуін төмендетуде, дымқылданғыштықты жақсартуда, жарылудың алдын алуда, деректерді жіберу жылдамдығын арттыруда, деректерді өндеу уақытын қысқартуда және техникалық әсерді ашатын өзге сипаттамаларда байқалады.

Алынатын нәтиже, атап айтқанда, егер:

адамның санасымен қабылдау ерекшелігінің салдарынан көрінсе;

сол немесе өзге қызметті оған қатысушылар арасындағы уағдаластық негізінде жүзеге асыру кезінде белгілі бір тәртіппен немесе белгіленген қағидаларды сақтау арқасында қол жеткізілсе;

сол немесе өзге ақпаратты алудан ғана тұрса;

сол немесе өзге нысанда қандай да бір тасымалдағышта ұсынылған ақпараттың мағыналық мазмұнының ерекшеліктерімен ғана байланысты болса;

ол қызықты және думанды болса, техникалық сипатқа ие емес деп есептеледі.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Өнертабыс формуласының мақсаты және формуланың мазмұны:

1) өнертабыс формуласы патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемін анықтауға арналады;

2) өнертабыс формуласы өнертабыс объектісін айқындауы және өнертабыс мәнін көрсетуі керек;

3) өнертабыс формуласы анық, нақты болуы керек, сипаттамаға негізделеді және өнертабыс сипаттамадағы бар ұғымдармен сипатталуы керек;

4) өнертабыс формуласы, егер ол өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижеге жетуге жеткілікті елеулі белгілерінің жиынтығы болса, оның мәнін көрсететін болып танылады;

5) өнертабыс белгілері өнертабыс формуласында оларды сәйкестендіру мүмкіндігін, яғни олардың мағыналық мазмұнының техникалық деңгейі негізінде маманның бір мәнді түсінуін қамтамасыз ететіндей етіп көрсетіледі;

6) өнертабыс формуласындағы белгі сипаттамасын осы белгі ашып көрсетілген ақпарат көзіне сілтемемен алмастыруға болмайды. Белгі сипаттамасын сипаттамаға немесе өтінім сызбаларына сілтемемен алмастыруға оның сәйкестігі туралы талаптарды бұзбай, белгіні мұндай сілтемесіз сипаттау мүмкін болмаған жағдайда ғана жол берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, "фигурада көрсетілгендей", "сипаттама бөлігінде сипатталғандай" деген сөздер пайдаланылуы мүмкін.

Сызбаларға сілтемелер сөзбен немесе математикалық тәсілмен сипатталуға келмейтін, орындалу нысанымен ерекшеленетін объектілерді сипаттау кезінде, сондай-ақ өнертабыс объектісінің қасиеттері графиктер және диаграммалар немесе биотехнологиялық өнімдер көмегімен ғана сипатталуы мүмкін, олардың сөзбен көрсетілген сипаттамасы қындау және өнертабыс формуласын ыдыратып жіберетін химиялық заттар болып табылатын жағдайларда пайдаланылуы мүмкін.

Атап айтқанда, егер өнертабысты сипаттау үшін нуклеотидтер мен (немесе) амин қышқылдарының тізбегі пайдаланылса, онда өнертабыс формуласында олардың тізбектер тізбесіндегі "SEQIDNO" түріндегі нөмірге немесе тиісті графикалық материалға сілтемесін жасауға жол беріледі.

7) егер ортақ ұғымды қамтитын сипаттамалар өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтиже алушың басқа да белгілер мен жиынтықты қамтамасыз етсе, өнертабыс белгісін оны іске асырудың түрлі жеке нысандарын қамтитын ортақ ұғыммен (функциясын, қасиетін білдіретін) сипаттауорынды;

8) мұндай белгі көрсетілген баламамен жол берілетін кез келген таңдау кезінде өнертабыстың басқа да белгілер жиынтығымен сол бір техникалық нәтиже алушы қамтамасыз еткен жағдайда, белгі баламалы түрде көрсетіледі;

9) осы объектіні сипаттаудың өзге нысаны қын болса және олар жалпыға белгілі және нақты мәнге ие болған жағдайда, өнертабыс формуласында өнімдердің, заттардың шартты атауларын және сол сияқтыларды пайдалануға жол беріледі;

10) егер берілген ұсыныс ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы өнертабыстарға жататын болса, өнертабыс формуласы "тәсіл" және (немесе) "құрылғы" объектісіне Қағидалардың 5-тармағына сәйкес тиісті белгілерді көрсете отырып құрастырылады. Формулаға электронды-есептеу машинасы программасының немесе онда пайдаланатын алгоритмың сипаттамасын қосуға болмайды.";

27-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнертабыс формуласының тәуелді тармағы баяндалған кезде, оны тәуелді ететін формула тармағында сипатталған өнертабыс сипаттамаларын ауыстыруға немесе алып

тастауға болмайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 26 тармағында көзделген өзгешеліктермен ерекшеленетін сипаттамалар жиынтығын қоспау керек.";

49 және 50 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"49. "Пайдалы модельдің мәні" бөлімінің сипаттамасын жасауға қойылатын талаптар, сондай-ақ пайдалы модельді жүзеге асыру мүмкіндігін растьайтын мәліметтер осы Қағидалардың 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 (адамдарды және жануарларды емдеудің диагностикалық, терапиялық және хирургиялық тәсілдерінен басқа), 18-тармақтарында көрсетілген өнертабысқа арналған өтінім бойынша талаптармен бірдей.

50. Пайдалы модель формуласына, сызбаларды және (немесе) өзге де материалдарды ресімдеуге және пайдалы модель рефератын жасауға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43-тармақтарында көрсетілген өнертабысқа арналған өтінім бойынша талаптармен бірдей.";

55-тармақтың жиырма бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Фотосурет түріндегі кескін 18x24 сантиметр көлемінде жасалған.";

55-тармақтың жиырма екінші бөлігі алынып тасталсын;

57-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнертабысқа немесе пайдалы модельге бірінші өтінімді берген күннен бастап он екі ай мерзім өткеннен кейін, ал өнеркәсіптік үлгіге алты ай өткеннен кейін, алайда белгіленген мерзімнен екі айдан кешіктірмей берілген өтінім бойынша конвенциялық басымдылық сұрастырылған кезде, өтінім берушімен белгіленген мерзімнің оған тәуелді емес мән-жайларға байланысты өткізілгендеңігі расталады.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Өнертабыс ретінде берілген шешімді патентке қабілеттілікке тексеру келесілерден тұрады:

- берілген ұсыныстың Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыс болып табылмайтын шешімдердің қатарына кіруін анықтау;

- берілген ұсыныстың Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес өнертабыс ретінде қорғалатын техникалық шешімдерге жататынын және техникалық нәтижеге жатқызылуы мүмкін осындай нәтижені алушы қамтамасыз ететінін анықтау.

Берілген ұсыныс Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыс болып табылмайтын шешімдердің қатарына, егер олар тек сол объектілердің өздерін ғана ашатын болса, жатады.

Егер өнертабыс формуласы тек математикалық әдісті, электронды-есептеу машинасына арналған программаны құраса, онда берілген ұсыныс Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыс болып табылмайтын шешім болып табылады.

Берілген ұсынысты өнертабыс болып табылмайтын объектілерге қосқан кезде, өтінім берушіге тиісті дәлелдер көрсетілген сұраныс жолданады.

Берілген ұсыныс бойынша өнертабыс болып табылмайтын объектілерге жатады деп қорытынды жасалмаса, ол өнеркәсіптік қолдануға жарамдылығы, жаңалық және өнертабыстық деңгейіне жету шарттарына тексеріледі.

Қаралатын формулада баламалы ұғым болса, патентке қабілеттілікті тексеру осындай ұғымдарын бірін қамтитын белгілердің әрбір жиынтығына қатысты жүргізіледі.

Өтінім берілген өнертабыстың патентке қабілеттілігін тексеру кезінде автор, өтінім беруші немесе олардан тікелей немесе жанама осы ақпаратты алған кез келген адам ашқан, осылайша өнертабыстың мәні туралы ақпарат жалпыға мәлім болған өнертабысқа қатысты ақпаратты қамтитын көз, егер өнертабысқа өтінім сараптама ұйымына ақпарат ашылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей берілсе техника деңгейіне енгізілмейді.

Патенттік қабілеттілікке тексеру нәтижелері бойынша патент беру немесе патентті беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.";

86-тармақтың он үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер, өзгерту туралы өтінішхат қайтарылған болып саналатын өтінімге қатысты Заңның 22-бабының 3 және 8-тармақтарына сәйкес келіп түссе және өтінішхатпен бірге өткізілген мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш ұсынылса, соңғысы Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес қаралады.";

88-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілері ретінде қоршаған ортаны ластайтын зиянды заттарды азайтуға бағытталған электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, қолданып, ойлап табылған сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отынды, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы технологияларды қамтитын өнертабыстар танылады.

99-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"99. Өтінімге сараптама жасау кезінде:

берілген ұсыныстың Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес пайдалы үлгі ретінде қорғалатын техникалық шешімдерге жататындығы;

берілген ұсыныстың Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес пайдалы үлгі ретінде танылмайтын шешімдерге жататындығы;

өтінімде болуы тиіс немесе оған қоса берілуі тиіс құжаттардың болуы;

өтінім берген үшін төлем туралы құжаттың болуы;

өтінім құжаттарын ресімдеуге қойылатын Заңмен белгіленген талаптардың сақталуы;

пайдалы модельдің бірлік талаптарының сақталуы;

пайдалы модельдің өтінім беруші ХПС бойынша жүзеге асырған сыныптауының дұрыстығы (егер ол болмаса осындай сыныптау жүргізіледі);

өтінімге сараптама үйымына берген күннен бұрынырақ басымдықты сұратудың негізділігі;

қосымша материалдарды ұсынудың белгіленген тәртібін сақтау тексеріледі.";

113-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің шет тілінде ұсынған материалдарына олардың қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы материалдардың сараптама үйымына келіп түскеннен бастап кейін екі ай ішінде беріледі.";

Тауар таңбаларына және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдерге сараптама жасау қағидаларында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінім сараптама үйымының кеңесі, сараптама үйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі – сараптама үйымының сайты) немесе "электрондық үкімет" www.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы беріледі.";

4-тармақтатың сегізінші бөлігімінадайредакциядажазылсын:

"Көлемді белгілерге өзіндік пішіндегі үш өлшемді, пішіндері тек тауарлар функциясымен байланысты емес нысандар жатады.";

4-тармақтатың он екіншібөлігімінадайредакциядажазылсын:

"Егер өтінім электрондық құжат ретінде сараптама үйымының сайты немесе Портал арқылы берілсе, тапсырылған белгінің суреті оны орнатылған формата басып шығаруға болатындей берілу тиіс.";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қарастыруға қабылданған өтінім бойынша мәлімет алдын ала сараптама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюллетенде жарияланады.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Тауарлар тек қана ТКҚХС-ның бір сыныбына қатыстығына байланысты біртектес деп таныла алмайды, ал тауарлардың әр түрлі сыныптарға жатуы біртектес емес деп танудың айғағы емес.";

47-тармақмынадай редакцияда жазылсын:

"47. Егер берілген белгі Заңың 6, 7-баптарымен белгіленген талаптарға толық немесе ішінара тауарлар мен қызметтер бойынша сәйкес келмесе, сараптама үйымымен алдын ала бас тарту немесе ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысы шығарылады.

Егер тауар таңбасында Заңың 6-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес белгілері болып, тауар таңбасында алатын орынның үстемдігі болмаса, осы Қағидалардың 16-

тармағына сәйкес жеке құқықтық қорғауға жатпайтын элементтерді (дискламация) көрсете отырып, алдынала ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысы шығарылады.

Алдын ала бас тарту немесе ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысы келесі мәліметтерді қамтиды:

тауар таңбасының атауы ретінде тіркелген;

тауар таңбасының түрі;

хат алмасу үшін мекенжайы;

өтініш берушінің аты-жөні, тегі, экесінің аты (бар болса);

ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша елдің коды;

өтініш нөмірі;

өтінім беру күні;

конвенциялық басымдылықтың күнін, сондай-ақ өтінім берілетін елдің нөмірі, күні және коды, оның негізінде конвенциялық басымдылық сұралған кезде анықталады;

егер көрменің басымдығы талап етілсе, көрменің басымдығы;

ТКҚХС сыныптары бойынша топтастырылған тауарлар мен қызметтердің тізбесі;

қорғалмаған элементтер;

егер ұжымдық тауар таңбасы тіркелсе, ұжымдық тауар белгісін көрсету;

тауар таңбасы түсті болса, түстің немесе түстердің біріктірілуін көрсету;

тауарлардың және (немесе) қызметтердің бір бөлігін Заңның нормаларын негіздеу және көрсетумен бас тарту себептері.

Алдын ала ішінара тіркелу туралы қорытынды алғаннан кейін алдын ала ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысы өтініш берушіге немесе оның өкіліне жіберіледі

Өтініш беруші ішінара тіркеу туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сараптама қорытындысын алдын ала қорытындымен келіссе, өтініш беруші немесе оның өкілі тауар таңбасын тіркеу үшін тіркеу туралы шешім қабылданғаны туралы және тауар таңбасын тіркеуге төлем шотын ұсыну туралы хабарлама жолданады.

Өтініш берушіден ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысымен келісетіндігі туралы бес айлық мерзімде хат түспеген жағдайда, сараптама ұйымымен ішінара тіркеу туралы шешім шығарылып, ол өтініш берушіге бес күндік мерзімде тіркеу туралы хабарлама хатпен және тіркеу үшін есеп-шотпен қоса жіберіледі.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Өтініш материалдарына өзгерістер, толықтырулар, түсіндірмелер мен түзетулер енгізу туралы өтінішке тауар белгісін тіркеуге өтінімнің материалдарына өзгерістер енгізу үшін төлем туралы құжат қоса беріледі. Төлемді растайтын құжат болмаған жағдайда өтініш қарастыруға қабылданбайды, сараптама ұйымы өтініш берушіні бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.";

73-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Өтінім сараптама ұйымының кеңесі, сараптама ұйымының сайты немесе Портал арқылы беріледі.".

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялануы үшін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бағылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

M. Бекетаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК